Аудандық коммуналдық меншіктегі мүліктерді жекешелендіру туралы

Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 13 қазандағы № 341 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 23 қазанда № 3021 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 18-бабына және Қазақстан Республикаы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 «Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Атырау облысы әкімдігінің алдын-ала келісіміне сәйкес, аудандық коммуналдық меншіктегі мүліктер осы қаулының қосымшасына сәйкес жекешелендірілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ. Нұрлыбаевқа ж ү к т е л с і н .

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	*С. Арыстан*

А у д а н ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 1 3 қ а з а н № 3 4 1
қаулысына қосымша

Жекешелендіруге жататын аудандық коммуналдық меншіктегі мүліктердің тізбесі

№	Мүлік атауы	Шығарылған (салынған) жылы	Теңгерім ұстаушысы
1	Toyota Land Cruiser автокөлігі, тіркеу нөмірі 044RK06	2000	«Қазақстан Республикасы Атырау облысы Индер ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі
2	Балабақша жылу қазандығының ғимараты, жалпы ауданы 107,2 шаршы метр	1980	«Өрлік селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК